

## **Жітіқара ауданы Пригородное ауылының құрамдас бөліктеріне қайта атау беру туралы**

Қостанай облысы Жітіқара ауданы Пригородный ауылы әкімінің 2018 жылғы 12 маусымдағы № 1 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 5 шілдеде № 7928 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес , Жітіқара ауданы Пригородное ауылы халқының пікірін ескере отырып, 2017 жылғы 16 қарашадағы облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде Пригородное ауылының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Пригородное ауылының көшелері атаулары қайта аталсын:

1) "Павлик Морозов" көшесін "Бейбітшілік" көшесіне;

2) "21 Партсъезда" көшесін "Жақсы" көшесіне.

2. "Жітіқара ауданының Пригородный ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде енгізу үшін жіберілуін;

3) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Жітіқара ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Пригородный ауылы әкімі*

*Ж. Идильбаев*